

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Университеттің
Ғылыми кеңесінің отырысында
қарастырылды
Хаттама № ___ от «_» _____ 2016 ж.

БЕКІТЕМІН
С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университетінің
Басқарма төрағасы
_____ Күршібаев А.Қ.
«_» _____ 2016 ж.



«Ауыл шаруашылық өндірісінің үрдістерін техникалық қамту» модульдік білім беру бағдарламасы

Мамандық: 5В080600 – «Аграрлық техника және технология»
Академиялық дәреже: 5В080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы
бойынша ауыл шаруашылығының бакалавры
Оқу мерзімі: 4 жыл
Оқу формасы: күндізгі

АСТАНА 2016

«Ауыл шаруашылық өндірісінің үрдістерін техникалық қамту» модульдік білім беру бағдарламасының мазмұны

№	Компоненттің атауы	Бет
I.	Модульдік білім беру бағдарламасының паспорты	3
1.	Модульдік білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері	3
2.	Модульдік білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	3
3.	Біліктілік сипаттамасы	4
4.	Мамандардың жұмысқа тұру перспективалары	8
II.	Оқу нәтижелері және басты құзыреттіліктер	8
III.	2016-2020 жылдардың академиялық күнтізбесі	13
IV.	2016-2020 жылдардың жұмыс оқу жоспары	14
V.	Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кестесі	16
VI.	Модульдік білім беру бағдарламасының картасы	17
VII.	Қосымша. Модульдерді сипаттау формуляры	48

I. Модульдік білім беру бағдарламасының паспорты

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамудағы алған бағыты жаңа қалыптағы ауыл шаруашылық өндірісінің мамандарының кәсіби потенциалын дамытуды талап етеді. Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету және ауыл шаруашылық өндірісін интенсификациялау техника және технологияларда, аграрлық техникаға кәсіби сервистік қызмет көрсетуде жаңа жетістіктерді қолдануды, сонымен қатар еңбек нарығындағы қажет мамандарды талап етеді. Осыған байланысты, жұмыс берушілердің көзқарастарын ескере отырып, 5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар дайындауға ерекше рөл жүктелген.

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасы студенттерге терең теориялық білім және ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис саласында практикалық дағды береді.

1. Модульдік білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

1. Аграрлық техниканың техникалық сервисі саласында толыққанды, сапалы кәсіби білім, кәсіби құзыреттілік алуға жағдай жасау.

2. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының заңдарының, Қазақстан тарихы, заманауи ақпараттық технологиялар, қазақ тілінің, харықаралық қатынас құралы ретіндегі шет және орыс тілдерінің негізінде жоғарғы әлеуметтік-гуманитарлық білім алуға жағдай жасау.

3. Жаратылыстану, жалпы техникалық, кәсіби және экономикалық сипаттағы терең білім алуды амтамасыз ету.

4. Аграрлық техниканы және технологияны жобалау, пайдалану және оған сервистік қызмет көрсету саласында терең теориялық білімді және тәжірибені қамтамасыз ету.

5. Еңбек нарығында түлектердің бәсекеге жарамдылығын қалыптастыру және мамандық бойынша мүмкіндігінше жылдам жұмысқа тұғызу, және де одан әрі қарай да кәсіби өсуін қалыптастыру.

2. Модульдік білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шегі мен кәсіби стандарттарға сәйкес жасалған, Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шегімен келісілген.

Білім беру бағдарламасы тұрады:

- жалпы білім, базалық және кәсіптік пәндер циклін 131 кредит көлемінде оқуды қамтитын теориялық оқудан;
- оқудың қосымша түрлерінен – кәсіби тәжірибелердің түрлері, дене шынықтыру 8 кредит, әскери дайындық;

Білім беру бағдарламасы пәндерді оқудың модульді жүйесін ескере отырып жасалған және жалпы білім мен кәсіби құзіреттерді құрайтын 12 модульден тұрады. Жалпы білім, базалық және кәсіптік пәндер циклін 131 кредит көлемінде оқуды қамтитын теориялық оқудан тұрады. Теориялық оқу жалпы білім беру пәндері бойынша 28 кредит оның ішінде міндетті компонент 21 кредит; базалық пәндер бойынша жалпы көлем 71 кредит, оның ішінде міндетті компонент - 20 кредит, таңдау бойынша - 51 кредит; бейн пәндер бойынша - 32 кредит, оның ішінде міндетті компонент - 5 кредит, таңдау бойынша - 27 кредитті құрайды.

Қазіргі кезде әлемдік қауымдастық Қазақстанды нарықтық экономикалы мемлекет ретінде мойындады. Тәуелсіздік алған қысқа тарихи мерзім ішінде Қазақстан ауыл шаруашылығындағы өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің, сақтаудың, тасымалдаудың және өңдеудің жаңа прогрессивті технологияларын қолдана отырып, әлемдік өркениетке қосылып экономикада үлкен серпініс жасады. Осыған байланысты ауылдық тауар өндірушілерінің өндірістік-техникалық сервистің инженерлік қызметін ұйымдастыру, диагностикалаудың ең жаңа әдістерін және құралдарын пайдалану арқылы машиналар мен жабдықтарды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсетуге қоса енгізілетін агроөнеркәсіптік кешен мекемелерінің ұйымдастырушылық-технологиялық қызметіне ерекше рөл беріліп отыр.

3. Біліктілік сипаттамасы:

3.1 Кәсіби қызмет саласы

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығының «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасының бакалаврының кәсіби қызмет саласы әр-түрлі ауыл шаруашылық құрылымдар (фирмалар, кәсіпорындар, шаруа қожалықтары), машина технологиялық станциялар (МТС), әлеуметтік кәсіпкерлік кешендер (ӘКК), өнімдерді өңдеу және жабдықтау кәсіпорындары мен зауыттар, жобалық және конструкторлық мекемелер, ауыл шаруашылығы техникасының техникалық сервис мекемелері, автопарктер, аудандық, облыстық, республикалық ауыл шаруашылығын басқару мекемелері (мемлекеттік қызмет).

3.2 Кәсіби қызметтің объектілері

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасының түлегінің кәсіби қызметінің объектілері:

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және өңдеуге арналған технологиялар және жабдықтар, техникалық құралдар;

- агротехнологиялық машиналарға және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету технологиялары мен технологиялық жабдықтары;

- өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін дайындау және өңдеудің энергия үнемдеуші және экологиялық таза технологиялары;

- аграрлық техниканың техникалық сервисінің фирмалық және дилерлік орталықтары;

- ауылдық тауар өндірушілерді материалдық-техникалық қамту жүйелері;

- фермерлік шаруашылықтар және шаруа қожалықтары;

3.3 Кәсіби қызметтің нысандар және объектілер

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасының бакалаврының кәсіби қызметінің заты:

- ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу және сақтау үрдістерінің машиналары және аппараттары;

- мал шаруашылығының жабдықтары, көтеру-көлік құралдары, ауыл шаруашылық және мелиоративті машиналар, комбайндар және автомобильдер;

- ауыл шаруашылық техникасын жөндеу және техникалық қызмет көрсету жабдықтары;

- аграрлық техниканың жұмыс үрдістерін автоматтандыру жабдықтары;

- аграрлық техниканы пайдалануға арналған бақылау-өлшеу құралдары;

- жобалық-конструкторлық ұйымдар.

3.4 Кәсіби қызмет түрлері

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасының бакалаврлары кәсіби қызметтің келесі түрлері орындай алады:

- ұйымдастыру - технологиялық;

- өндірістік - басқарушылық;

- есептік-жобалық;

а) ұйымдастыру-технологиялық қызмет:

- ауылдық тауар өндірушілердің өндірістік-техникалық сервисінің инженерлік қызметін ұйымдастыру;

- диагностикалайдың ең жаңа әдістері мен құралдарын пайдаланып машиналар мен жабдықтарды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

- жоспарлаудың әр-түрлерінде және оңтайлы шешімдерді анықтауда әр-түрлі талаптарды (күн, сапа, орындау мерзімі және қауіпсіздік) ескере отырып тәуекел шешімге бару;

- агротехнологиялық машиналар және жабдықтарға уақтылы техникалық сервис көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында шығынның әр-түрлерін есептеу.

б) өндірістік-басқарушылық қызмет:

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді, сақтауды және өңдеуді кешенді механикаландыру бойынша шараларды жасау және енгізу;

- машиналар, механизмдердің және технологиялық жабдықтардың жоғарғы жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету;

- агроөнеркәсіптік кешен мекемелерінің және шаруашылықтардың машина-трактор паркінің құрамын негіздеу;

- технологиялық үрдістердің, материалдардың және дайын өнімнің сапасын бақылау;

- агротехникалық сервис қызметін ұйымдастыру және басқару.

в) есептік-жобалық қызмет:

- машиналардың жұмыс органдары мен тораптарын есептеу және құрастыру, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, сақтау және өңдеу, және де машиналарға және жабдықтарға техникалық сервис көрсету бойынша технологиялық карталарды жасау;

- агротехникалық сервис мекемелерін салу кезінде жобалық-сметалық құжаттаманы жасауға қатысу;

- ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық мекемелерде ғылыми зерттеу және жобалық-конструкторлық зерттемелерге қатысу.

3.5 Кәсіби қызметтің функциялары

5В080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасының бакалаврлары өзінің кәсіби қызметінде келесі функцияларды атқарады:

- ресур және энергия үнемдеуші машиналар және технологияларды, жабдықтар және олардың кешендерін енгізуді қамтамасыз ететін ауылшаруашылық өндірісінің технологы;

- қоршаған ортаны қорғау және еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы бойынша оқытудың және инструктор жүргізудің жетекшісі;

- кәсіби қызмет объект жобаларын жасаушы;

- ауыл шаруашылығындағы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және техникалық сервисте мекемелердің технологиялық үрдісін жобалаушы.

3.6 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасының бакалаврлары келесі міндеттерді шешеді:

- мекеменің машиналар және жабдықтар паркінің және оның техникалық сервисінің және энергетикалық базасынның құрамын және құрылымын анықтайды;
- саланың өнімдерін өндіру және өндеудің ресурс және энергия үнемдеу технологиясын енгізу негізінде ауыл шаруашылығын механикаландырудың прогресивті әдістерін жасайды;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және өндеу және техникалық сервис бойынша мекемелердің жобаларын жасауға техникалық тапсырма жасайды.

3.7 Кәсіби қызметтің бағыты

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша мамандарды даярлау бағыттары:

- ұйымдастырушылық-технологиялық;
- өндірістік-басқарушылық;
- сервистік-пайдаланушылық;
- тәжірибелік-зерттеулік;
- білімдік.

3.8 Кәсіби қызметтің мазмұны

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» дайындау бағыты бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасының түлегінің кәсіби қызметінің мазмұны:

- механикаландырылған, электрленген және автоматтанған технологиялық тізбектертің машина агрегаттарын комплектілеу және оларды жөндеу; жөндеу-технологиялық жабдықтарды таңдау, құрастыру және баптау және оларға техникалық сервис көрсету;

- ауыл шаруашылық өнімдерін механикаландырылған және автоматтандырылған өндіру, сақтау және өндеуді ұйымдастырушылық-технологиялық дайындау және агротехнологиялық машиналар мен жабдықтарға сервистік қызмет көрсету;

- гидро, жылу және электр жабдықтарын және технологиялық тізбектің автоматика құралдарын таңдау және тиімді пайдалану;

- маркетингтік ізденістер жасау, ауыл шаруашылығындағы және саланы инженерлік-техникалық қамту мекемелеріндегі менеджмент;

- тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысу, агроөнеркәсіптік кешен саласына жаңа технологиялар мен техниканы енгізу.

4. Мамандардың жұмысқа тұру перспективалары

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» білім беру бағдарламасының түлектері ауыл шаруашылығын басқару органдарының, әр-түрлі ауыл шаруашылық құрылымдарының, машина-технологиялық станциялардың, әлеуметтік-іскерлік кешендердің, өңдейтін және жабдықтайтын мекемелердің және зауыттарды, жобалық және конструкторлық ұйымдардың, көліктік-технологиялық машиналарды техникалық пайдалану ұйымдарының, автопарктердің, аудандық, облыстық және республикалық ауыл шаруашылығын басқару органдарының инженер, механик, менеджер, конструктор, жетекші маман қызметін атқара алады. Аса ірі жұмыс берушілер «Агроцентр Астана» ЖШС, Агрофирма «Родина» ЖШС, «Eurasia Group» ЖШС, ТОО «ҚазАШМЭҒЗИ» ЖШС-нің Ақкөл филиалы, «Акмола Феникс» ЖШС, «Ижевский» ӨК, «Бипэк авто» ЖШС, «Toyota Zenter» ЖШС және т.б.

II. Оқу нәтижелері және басты құзыреттіліктер

«Ауылшаруашылық» бакалавры келесі басты құзыреттіліктерді меңгеруі керек:

1. *ана тілі* саласында (қазақ/орыс тілдері): жазбаша және ауызша (тындау, айту, оқу және жазу) түрінде түсініктерді, ойларды, сезімдерді, фактілер мен көзқарастарды түсіну және көрсете білу, сонымен қатар, оқу уақытында, жұмыс кезінде, үй ішінде және бос уақытында, яғни барлық қоғамдық пен мәдени тұрғыдан тиісті түрде лингвистикалық және шығармашылық қарым-қатынас орната білу қабілеті;

2. *шет тілі* саласында: ағылшын және орыс тілдерінде қарым-қатынастың негізгі дағдыларын меңгерген, яғни ауызша мен жазбаша (тыңдау, айту, оқу, жазу) түрінде әлеуметтік және мәдени тұрғыдан (білім алу және оқу ісінде, жұмыс кезінде, үй ішінде және бос уақытында) түсініктерді, ойларды, сезімдерді, фактілер мен көзқарастарды ұғына, айта және айқындай білу қабілеті. Медиация мен мәдениаралық түсіністік дағдыларына ие;

3. *іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық*: күнделікті жағдайларда өндірістік міндеттерді шешу үшін математикалық ойлауды қолдана және дамыта білу, кәсіби қызметінде математикалық ойлау (логика мен кеңістіктік ойлау) тәсілдерін және презентацияларды (формулалар, үлгілер, құрылымдар, бағаналар мен кестелерді) қолдана білу, яғни дәлелдерге негізделген проблема мен қорытындыларды анықтау үшін әлемді түсіндіретін білім мен әдістеменің негіздерін қолдана білу, өз білімдері мен әдістемесін кәсіби міндеттерді шешу үшін қолдана білу қабілеті;

4. *компьютерлік дайындық*: заманауи ақпараттық технологияларды жұмыс үшін, бос уақытта және қарым-қатынас орнату үшін сенімді және сыни тұрғыдан қолдана білу, кәсіби қызметінде ақпаратты қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, презентациялау мен алмастыру үшін, ғаламтор көмегімен келісім жүргізілетін желілерге қатысу және араласу үшін компьютерді қолдана білу;

5. *оқу ісіндегі дайындық*:

- ой-өрісі кең және ойлау мәдениетіне ие жоғары білімді тұлға қалыптастыруда технологиялық және электротехникалық жабдықтарды жөндеу, техникалық қызмет көрсету, пайдалануды және құрастыру пәндері саласында базалық білімдерді меңгерген;

- әрдайым оқу қажеттілігін түсінетін, қол жетімді мүмкіншіліктерді таба білетін, болашақта білім алуға талпынатын және оқуын әрі қарай жалғастыруға мүдделі, жеке және топта уақыт пен мәліметтерді тиімді басқара отырып, өз оқуын ұйымдастыра алатын, тұлғалық және кәсіптік тұрғыдан дамуға ынталы болу; күнделікті кәсіби қызметін жетілдіретін және магистратурада білімін жалғастыруға қажетті жаңа білімдерді алу тәсілдеріне ие;

6. *әлеуметтік дайындық (тұлғалық, мәдениаралық және азаматтық құзыреттіліктер)*:

- қоғамдық және еңбек өмірінде, алуан түрлі қоғамдарға тиімді әрі келісімді қатысуға, жеке өмірінде қажет жағдайда келіспеушіліктерді шешуге, сонымен қатар, әлеуметтік пен саяси түсініктер мен құрылымдар туралы білімге және белсене әрі демократиялық қатысуға дайындығына негізделе отырып, азаматтық өмірде толығымен қатысуға мүмкіндік беретін мінез-құлыққа ие;

- ұжымда, отбасында, социумда, әлемде бірге өмір сүре білу, басқа тұлғаларды қабылдау мен түсінуді өзінде тәрбиелей білу, оған құндылық ретінде қарым-қатынас жүргізе білу, әлемдегі өзара байланыстылықты сезіну және дамыту,

келіспеушіліктерді ескерте және тоқтата білу, мәмілеге келу қабілеті, ұжым көзқарасын өзінің көзқарасымен сәйкестендіре білуді;

- іскерлік этика нормасын сақтай білу, тәртіптіліктің этикалық және құқықтық нормаларын меңгеру;

7. Жөндеу-технологиялық жабдықтарын таңдау, құрастыру және техникалық сервис дайындық:

- ауыл шаруашылығында және өнеркәсіптерде, соның ішінде агротехнологиялық машиналар мен жабдықтарға техникалық сервис көрсетуде маркетингтік ізденістерді, менеджменті және бух. есепті жүргізу туралы білуі;

- кәсіби міндеттерге жету үшін идеяларын әрекетке айналдыра білу, жобаларды жоспарлай және басқара білу; этикалық құндылықтарды түсінеді, яғни адамдармен жұмыс істей біледі, тапсырыс берушілер мен тұтынушылармен өзара әрекеттесу, персоналды басқару, рұқсат беруші және өкілетті органдармен, билік өкілдерімен жұмыс істеу салаларында білімдерге ие, Қазақстанның құқықтық жүйе мен заңнамасының негіздерін, қоғамның әлеуметтік даму бағыттарын біледі;

8. мәдени дайындық: Қазақстан халқының әдет-ғұрыптары мен мәдениетін білу, яғни әртүрлі құралдармен идеяларын, тәжірибесі мен көңіл күйін шығармашылық тұрғыдан жеткізу маңыздылығын түсіну; әлемнің басқа халқының әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне толерантты болу, толерантты тәртіптің, тұрмыстық расизм, ксенофобия, экстремизмді алдын-алу шараларының мәнін түсіну және білу, оларға төтеп бере алу; толерантты тұлға ретінде қалыптасқан, басқа мәдениеттердің өкілдерін тани, түсіне және қабылдай білу, яғни білім алу қабілеті бар, жарасымды, интеллектуалды қарым-қатынаста жылдам араласатын, ескірген көзқарасы, оның ішінде шовинизм сипатындағы түсініктер жоқ; жоғары рухани қабілеттерге ие, зиялы тұлға ретінде қалыптасқан.

9. жалпы құзыреттіліктер: сыни ойлау үшін қажетті дағдыларға ие, байқағыштық, түсіндіру мен талдау, қорытынды шығару, баға беру қабілеттері бар; шығармашылық қасиеті бар; бір аспектіден екіншісіне ауысуға қабілетті, анық, жалпыға танымал, көпшілік қабылдаған, тұрақты бекітілген идеялардан бөлек идеяларды тудызу, мәселенің мәнін түсіну қабілетті; стереотиптерге төтеп беруге қабілетті, белсенді өмірлік ұстанымға ие; басқа тұлғаларға қатысты өзіндік мінез-құлықты жүргізуге қабілетті, топ және ұжымда, оларға зиян келтірмей және нормативтік регламенттер аясында көш басшысы болуға мүдделі; команда ішінде жұмыс істеуге, өз пікірін дәлелдеуге, жаңа шешімдерді ұсынуға қабілетті; алуан түрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білу.

5B080600 – «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша «Ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис» модульдік білім беру бағдарламасы оқудың келесідей нәтижелеріне бағдарланған:

- ҚР жүргізілетін әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар туралы;

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, сақтау және өңдеу әдістері, механикаландырылған технологиялық тізбектерді ұйымдастырушылық-технологиялық дайындау туралы;

- механикаландырылған технологиялық тізбектерді, машина агрегаттарын комплектілеу, оларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

- жөндеу-технологиялық жабдықтарын таңдау, құрастыру және техникалық сервис;

- ауыл шаруашылығында және өнеркәсіптерде, соның ішінде агротехнологиялық машиналар мен жабдықтарға техникалық сервис көрсетуде маркетингтік ізденістерді, менеджменті және бухгалтерлік жүргізу туралы;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, АӨК салаларына жаңа технологиялар мен техникаларды енгізу туралы;

- ақпараттық технологиялар туралы;

- мекемені экономикалық, маркетингтік қызметтермен қамту туралы;

- білім және тәрбие жұмысы туралы;

2. білу:

- физиканың негізгі заңдарын және математикалық анализ әдістерін, жаңа ақпараттық технологияларды, сонымен қатар аграрлық сектордың тұрақты дамуының міндеттеріне қатысты арнайы теориялық білімдер кешенін және практикалық дағдыларды;

- ауыл шаруашылық техникасын;

- саланың өнімін өндіру және өңдеу бойынша мекеменің технологиялық жабдықтарын жөндеу әдістерін және техникалық сервис ережелерін;

- компьютерлік техниканы және ауыл шаруашылық мекемелерінің және сервис орталықтарының жобаларын жасаған кезде оны пайдалану әдістерін;

- менеджмент және маркетинг негіздерін және ауыл шаруашылығында және агротехникалық сервис саласында шағын және орта бизнес мекемелерін құру тәртібін;

- техника-экономикалық анализ әдістерін және инженерлік-басқарушылық шешімдерді қабылдау;

3. жасай алу:

- ауыл шаруашылық мекемелерінің өнімдерін өндіру, сақтау және өңдеуге арналған машиналар жүйесін және жабдықтарды негіздеу бойынша есептік-технологиялық жұмыстарды орындау

- технологиялық және электротехникалық жабдықтарды жөндеу, техникалық қызмет көрсету, пайдалануды және құрастыру;

- машиналарды және технологиялық жабдықтарды дұрыс пайдалану және технологиялық тәртіпті сақтауды қадағалау;

- ауыл шаруашылығындағы техникалық сервис мекемелерінің жобаларын жасау;

- мекемелердің өндірістік қызметін талдау, өндірістің тиімділігін арттыру, материалды және энергетикалық қорлардың шығынын азайту және заманауи ақпаратты технологияларды пайдаланып еңбек өнімділігін арттыру бойынша шаралар қолдану;

4. дағдылы болу:

- ауыл шаруашылық техникасын басқару, саланың өнімін өндіру және өңдеу және агротехникалық сервис мекемелерінің технологиялық жабдықтарын жөндеу;

- ауыл шаруашылық мекемелерінің және сервистік орталықтардың жобаларын жасауда компьютерлік техниканы пайдалану;

- ауыл шаруашылығында және өңдеу мекемелерінде кешенді механикаландыруды ұйымдастыру;

- мекеменің өндірістік циклінің дайын өнімінің және шикізатының сапасын бақылау;

5. құзыретті болу:

- еңбектік заңнаманың, еңбек қорғау және экологиялық қауіпсіздік нормалары және ережелері, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі сұрақтарында, ауыл шаруашылығындағы ҚР заңнамалық және нормативтік актілерін пайдалануда;

- ауыл шаруашылығын және өңдеу мекемелерін механикаландыру және электрлендіру саласында жаңа энергия және қор үнемдеуші технологияларды қолдану.

**V. Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін
көрсететін жиынтық кестесі**

Оқу курсы	Семестр	Меңгеретін модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны		KZ Кредит саны					Жалпы сағат	ECTS	Жалпы саны	
			МК	ТК	Теориялық оқу	Оқу тәжірибесі	Өндірістік тәжірибе	Қорытынды	Жалпы			емтихан	диф зачет
1	1	5	5	2	19	-	-	-	19	855	30	7	1
	2	5	3	5	19	8	-	-	27	1215	41	8	2
2	3	6	2	7	19	-	-	-	19	855	30	9	1
	4	4	3	4	19	-	3	-	22	990	35	7	2
3	5	6	1	6	18	-	-	-	18	810	28	7	
	6	5	2	5	18	-	5	-	23	1080	36	7	1
4	7	3	1	6	19	-	-	-	19	855	30	7	
	8						4	3	7	315	10		1
Жалпы			17	35	131	8	12	3	155	6975	240	52	8

VI. Модульдік білім беру бағдарламасының картасы

Дублиндік дескрипторлар	Модульдің атауы	Құзыреттіліктер	Пәннің атауы	Оқу нәтижелері
<p>А. Білу және түсіну; В. Білімін және түсіну қабілетін тәжірибеде пайдалану; С. Тұжырым жасау, ойды бағалау және қорытынды шығару қабілеті; Д. Қарым-қатынас саласындағы қабілеттер; Е. Оқу саласындағы қабілеттер.</p>	Әлеуметтік -саяси	<p>А. Әлеуметтік-этикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған Қазақстан тарихы, әлеуметтану, саясаттану, философия және дін саласын білу және түсіну; В. Тарихи карталар және атластармен, кестелермен, сұлбалармен, тест тапсырмаларымен, оқу және ғылыми әдебиеттерімен жұмыс жасаудың, ғылыми баяндаманы, рефератты өз бетімен жасаудың, тәжірибелік дағдыларын меңгеру, қоғамдық көзқарасты қалыптастыру үрдісін әлеуметтік талдау негіздерін меңгеру дағдыларын меңгеру; С. Тарихи өткен кезеңге, саяси жүйеге өзінің позициясын негіздеу және білдіру, тұжырымдарды қалыптастыру және салыстыру қабілетін, өзінің аргументациясын келтіру, философияға жүйеге өзінің позициясын негіздеу және білдіру, тұжырымдарды қалыптастыру және салыстыру қабілетін, өзінің аргументациясын келтіру, қызықты мәселелерді тауу және оны қандайда бір дінү көзқарас жағынан да, өзінің ой толғаныс жағынана да аша білу. Д. Қарым қатынас саласында – толеранттылық, өзінің көзқарасын, Қазақстанның барлық халқының руханы құндылықтарын сыйлау сезімін қалыптастыру; Е. Оқу саласында – отандық тарихтың, саяси үрдістердің кілттік мәселелерін талдай білу, тарихи кеңістікте, әр-түрлі философиялық бағыттар мен мектептер түсінігінде, қоғамның мәдени кеңістігінде бағдарлана білу.</p>	Қазақстанның кәзіргі заманғы тарихы	<p>Осы пәнді оқу нәтижесінде студенттер міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ежелгі дәуірден бастап осы күнге дейінгі Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңдер және оқиғалар туралы, жалпы түрік қауымдастығындағы, кілттік өркениет жүйесіндегі, еуразиялық әлемнің қауымдастығының тарихи-мәдени дамуындағы қазақ халқының, қазақ мемлекетінің рөлі туралы білуге; - отандық тарихтың кілттік мәселелерін талдай білу, тарихи кеңістікте бейімделе білуге; - тарихи карталар және атластармен, кестелермен, сұлбалармен, тест тапсырмаларымен жұмыс жасаудың тәжірибелік дағдыларын меңгеру.
			Саясаттану және Әлеуметтану	<p>Студенттер міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтік әрекеттеудің негізгі формаларын, әлеуметтік дамудың факторларын, әлеуметтік институттардың типтерін білу және оларды алдай алу; - саяси өмірдің заңдылықтарын, саяси үрдістің тенденцияларын және нақты елдерді оны жаһандық масштабта жүзеге асырудың ерекшеліктерін - тұлғаға әлеуметтік көзқараспен қарау туралы, әлеуметтену үрдісінде оны қалыптастыру факторлары туралы, әлеуметтік тәртіпті реттеу формалары және оның негізгі заңдылықтары туралы, әлеуметтік қоғам мен йлеуметтік топтардың пайда болу табиғаты туралы ғылыми түсінігі болу; - қоғамдық көзқарастың қалыптасу үрдісін зерттеуде әлеуметтік талдау негіздерін меңгеру. - Батыс Еуропа, АҚШ, мұсылмандық

Дублиндік дескрипторлар	Модульдің атауы	Құзыреттіліктер	Пәннің атауы	Оқу нәтижелері
				Шығыстағы, қазақтағы саяси ойдың даму саласында білімге ие болу; - бүгінгі саяси ғылымның өзекті мәселелер шеңберіне енгізу – биліктің және биліктік қарым қатынастардың мәселелері, саяси сана, қоғамның саяси жүйесі, саяси көшбасшылық және саяси элита және т.б.
			Дінтану	Студенттер міндетті: - діннің және оның негізгі бағыттарының тарихи дауының негізгі тарихи сатыларын білу, оқу және ғылыми әдебиетпен, Қазақстан Республикасының заңдарымен жұмыс жасаудың, ғылыми баяндама, рефераттарды өз бетімен жасай білу дағдысын меңгеру; - Батыс Еуропада, АҚШ-та, мұсылмандық Шығыста философиялық-діни ойдың дамуы саласында білімді меңгеру; - қоғамдық өмірдің діни аясының даму заңдылықтары және негізгі принциптері, ХХІ ғасырдағы экстремизм және діни тер-роризм мәселесі, фундаменталды құндылықтар – адам өмірі, ар-намыс еркіндігі және діни төзімділік.
			Философия	Студенттер білу қажет: - өзінде шығармашылық қабілетті дамыту және өзінің санасында даналыққа ие болу. - материалдық байлық пен рухани байлыққа ұмтылуды тепе-тең үйлестіру. - өмірлік бақыттың толыққандылығына қол жеткізу.
А. Білу және түсіну; В. Білімін және түсіну қабілетін тәжірибеде пайдалану; С. Тұжырым жасау, ойды бағалау және қорытынды шығару	Тілдік	А. Қазақ және шет тілдерінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормаларын білу және түсіну. В. Қазақ және шет тілдерінің әр-түрлі функционалдық стильдерінің тексттерінің мағыналық және құрылымдық ерекшеліктері туралы түсіну қабілеті және білімді практикада	Қазақ тілі	Курсты аяқтағаннан соң студенттер міндетті: - қазақтың әдеби тілінің барлық нормаларын сақтай отырып жазбаша және ауызша сөйлей білу; - әр-түрлі функционалды стильдердің тексттерінің мағыналы-құрылымдық ерекшеліктері туралы білу;

Дублиндік дескрипторлар	Модульдің атауы	Құзыреттіліктер	Пәннің атауы	Оқу нәтижелері
<p>қабілеті; D. Қарым-қатынас саласындағы қабілеттер; E. Оқу саласындағы қабілеттер.</p>		<p>пайдалану. C. Қазақ және шет тілдерінде тұжырым жасау, ойды бағалау, қорытынды жасау, өзінің аргументациясын келтіру, өзінің позициясын жеткізе және негіздей білу қабілеті. D. Қарым-қатынас саласында – қазақ және шет тілдерін практикалық меңгеру дағдысын қалыптастыру және практикалық меңгеру. E. Оқу саласында – тексттерді оқу кезінде студенттерде тілдік қабілеттерді және коммуникативтік дағдыларды дамыту қабілеті.</p>	<p>Шет тілі</p>	<p>- мамандық бойынша тексттерді оқу кезінде тілдік қабілеттер мен коммуникативтік дағдыларға ие болу; - зерттелген тақырып аясында тақырыптық әңгіме жүргізуге мүмкіндік беретін маонологтық және диалогтық тіл дағдысын меңгеру; - әдеби тілдің нормалар жүйесінің және сөйлеудің дұрыстығының толық сипаттамасын жасай білу; - өзінің тілдік қателерін талдай білу.</p> <p>Осы пәнді оқу нәтижесінде студенттер міндетті: - шет тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормаларын білуге; - танысулық, ізденушілік, зерттеушілік және қарап оқу дағдыларын меңгеру; - зерттелген тақырып аясында тақырыптық әңгіме жүргізуге мүмкіндік беретін маонологтық және диалогтық тіл дағдысын меңгеру; - жеке немесе жұмыс бойынша шығармалар, хаттар жазған кезде ойды, пікірді, және де ақпаратты тізбектей жеткізу дағдысына ие болу; - тұрмыстық, ақпараттық және кәсіби мәліметтерді ести білуге.</p>
<p>A. Білу және түсіну; B. Білімін және түсіну қабілетін тәжірибеде пайдалану; C. Тұжырым жасау, ойды бағалау және қорытынды шығару қабілеті; D. Қарым-қатынас саласындағы қабілеттер; E. Оқу саласындағы қабілеттер.</p>	Жалпы білім	<p>A. Информатика саласындағы негізгі түсініктерді білу және түсіну, экология жағынан қауіпсіз және зиянсыз тіршілік жағдайларын жасаудың негізгі әдістері туралы түсініктерді ғылыми зерттеулер тәжірибесінде модельдей және пайдалана білу, қожалықтар объектілерінің өндірістік персоналдарын және халықты мүмкін болатын авариялар, апаттар, табиғи апаттардың және зақымдаудың заманауи құралдарын қолданудың зардаптарынан қорғаудың төтенше жағдайлар талаптарында заңнамалық актілерге сай сауатты шешімдерді жоспарлау және қабылдау, және де осы зардаптарды жою, тәжірибеде негізгі құқықтық түсініктерді</p>	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	<p>Студент білу керек: - информатика саласындағы негізгі түсініктерді; - операциялық жүйелерді, олардың мақсатын және типтерін; - Windows ОЖ ортасында жұмыс жасаудың сервистік бағдарламаларын; - графикалық редакторлардың мүмкіндіктерін; - Microsoft Word-та ақпаратты жасау, өзгерту және форматтау әдістерін; - MS EXCEL электронды кестесіндегі автоматтандырылға есептердің негізгі әдістерін; - компьютерлік графиканың теориясының негіздерін;</p>

Дублиндік дескрипторлар	Модульдің атауы	Құзыреттіліктер	Пәннің атауы	Оқу нәтижелері
<p>А. Білу және түсіну; В. Білімін және түсіну қабілетін тәжірибеде пайдалану; С. Тұжырым жасау, ойды бағалау және қорытынды шығару қабілеті; Д. Қарым-қатынас саласындағы қабілеттер; Е. Оқу саласындағы қабілеттер.</p>	Жалпы білім	<p>пайдалана білу, мемлекеттің даму тарихындағы негізгі оқиғаларды білу, мемлекеттің пайда болуының жеке үрдістерін талдай білу, мемлекет пен құқықтық құбылыстардың арасындағы байланысты орнату, құқық субъектілерінің қасиеттерін анықтай білу, экономикалық теорияның негізгі түсініктерін тәжірибе жүзінде пайдалана білу, экономикалық ойдың дамуының тарихындағы негізгі оқиғаларды білу, экономиканың жеке үрдістерін талдай білу, осы құбылыстар арасындағы байланыстарды анықтай білу, экономиканың субъектілерінің қасиеттерін анықтай білу, өмірді ұйымдастыра білу, организмдер өмірінің шарттарын білу, популяция, түр, қауымдастық түсініктері, әр-түрлі экожүйелердің ерекшеліктері, биосфера және ноосфера концепциясын түсіну, өндірістік қызметтің автономиялық әдісіне қоғамның көшуі қажет екендігін білу, биосферадағы тепе-теңдікті сақтау.</p> <p>В. Экология және тұрақты даму саласында шектеуші факторларды анықтау және минимум заңын пайдалану бойынша, биоиндикация әдісімен қоршаған орта жағдайын анықтау бойынша, сұлбалар, тесттілік тапсырмалармен жұмыс жасау бойынша және мәселелерді шешу бойынша практикалық дағдыларға ие болу, ағымдағы құқықтық жағдайды жетілдіру бойынша, заңнамалық актілермен жұмыс жасау бойынша, ағымдық экономикалық жағдайды жетілдіру бойынша, инфляция дәрежесін төмендету бойынша, жалпы ұлттық өнімді арттыру бойынша, объектілерде АҚ ұйымдастыру бойынша жұмыстарға, ТЖ туындаған кезде жағдайды модельдеу және жоспарлауда, қауіп дәрежесін анықтауда ұсыныстар беру қабілетіне, қожалық объектілердің персоналын және халықты және</p>	Экология және тіршілік қауіпсіздігінің негіздері	<p>Студент жасай білу қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Windows ортасында жұмыс жасауды; - файлдарды архивтеуді және архивтен шығаруды; - электронды поштаны қабылдау және жіберуді; - Microsoft Word-та әр-түрлі документтерді құра білуді; - Microsoft Excel пайдалана отырып қиын есептерді шығару; - Microsoft Access арқылы деректер базасын жасауды; - компьютерлік бағдарламалардың мүмкіндіктерін сауатты пайдалауды. <p>Осы пәнді оқу нәтижесінде студенттерде түсінігі болу керек: - қоршаған ортаның факторлары және олардың әр-түрлі ағзаларға әсері туралы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - популяция, қауымдастық түрлері, экожүйелердің ерекшеліктері және олардың дамуы туралы; - ағзалар арасындағы түр ішілік және түр аралық қатынастар туралы; - бүгінгі таңдағы биосфераның құрылысы және жағдайы, биосферадан ноосфераға көшу қажеттілігі туралы; - ТЖ кезінде адамдардың қорғанудың негізгі принциптерін; - әр-түрлі ТЖ модельдеуді; - тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық негіздерін: ТЖ-да экономика объектілерінің жұмыс жасау тұрақтылығын арттыру амалдары мен әдістері және ТЖ зардаптарын жоюға дайындық. <p>Білу:- тұрақты даму концепциясын, оның факторларын, стратегиясын, принциптерін және сатыларын;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазіргі заманның әлеуметтік-экологиялық мәселелерін және тұрақты дамуды.

Дублиндік дескрипторлар	Модульдің атауы	Құзыреттіліктер	Пәннің атауы	Оқу нәтижелері
<p>А. Білу және түсіну; В. Білімін және түсіну қабілетін тәжірибеде пайдалану; С. Тұжырым жасау, ойды бағалау және қорытынды шығару қабілеті; Д. Қарым-қатынас саласындағы қабілеттер; Е. Оқу саласындағы қабілеттер.</p>	Жалпы білім	<p>қоршаған ортаны негативті факторлардың әсерінен қорғау бойынша дұрыс шешім қабылдау және олардың зардаптарын жою, экономикалық зардаптарды анықтау, тіршілік қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды регламенттейтін заңнамалық актілерді сақтау қабілетіне ие болу.</p> <p>С. Ақпараттық технологиялар, тіршілік қауіпсіздігі, экология, экономика, әр-түрлі төтенше жағдайларды модельдеу саласында пікір айту, идеяларды бағалау, тұжырымдар жасау, өзінің аргументацияларын жасау, өз позициясын білдіру және негіздеу қабілетіне ие болу.</p> <p>Д. Қарым-қатынас саласында – азаматтардың құқықтары мен бостандығын, біздің елдің символдары мен экономикалық құндылықтарын құрметтеу, тіршілік қауіпсіздігі, экология, экономика, әр-түрлі төтенше жағдайлар саласындағы қызметті регламенттейтін заңнамаларды құрметтеу және сақтау сезімін қалыптастыру.</p> <p>Е. Оқу саласында – мемлекеттің негізгі мәселелерін, Қазақстанның экономиканың негізгі мәселелерін, пайда болған экологиялық мәселелерді талдай білу, дұрыс баға беру және дара дұрыс шешімді табу, студенттерде экономикалық мәдениетті, логиканы, құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктерді, ақпаратпен жұмыс жасау әдістерін меңгеруді, өндірісте және тұрмыста тіршілік жағдайын модельдеу және талдау қабілетін қалыптастыру, тіршілік қауіпсіздігі саласындағы мәселелерді, әр-түрлі ТЖ экономикалық зардаптарын анықтау және шешу, жағдайда бағдарлана білу, заңнамалық базаны пайдалану және экологиялық мәселелерді шешу.</p>	<p>Экономика және құқық негіздері</p>	<p>Қоршаған ортаға баға беру, туындаған экологиялық мәселелерді объективті талдау.</p> <ul style="list-style-type: none"> - адамның тіршілік ортасындағы тіршілік қауіпсіздігінің теориялық негіздерін; - тіршілік қауіпсіздігінің құқықтық және нормативтік-техникалық негіздері; - зақымдайтын, зиянды және зақымдайтын факторлардың адамға келтіретін анатомиялық-физиологиялық зардаптары; - төтенше жағдайларды жорамалдаудың әдістері және олардың зардаптарын жою. <p>Жасай білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қауіпсіз және экологиялық-өндірістік қызметті арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру ; - шаруашылық объектілерінің өндірістік қызметінің тұрақтылығын арттыру бойынша іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру; - төтенше жағдайларда халықты және өндірістік персоналды қорғау бойынша іс-шаралар жоспарлау; - ТЖ зардаптарын жою кезінде құтқару және өзге де жедел жұмыстарға қатысу. <p>Осы пәнді оқу нәтижесінде студентте түсінігі болу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстандық және әлемдік экономиканың құрылымы және даму тенденциялары туралы жүйелік түсінігі; - бүгінгі таңғы әлемдегі экономикалық үрдістердің көп түрлілігін түсіну, олардың қоғамда болып жатқан өзге үрдістермен байланысын; - көшпелі үрдістерді қоса есептегендегі

Дублиндік дескрипторлар	Модульдің атауы	Құзыреттіліктер	Пәннің атауы	Оқу нәтижелері
<p>А. Білу және түсіну; В. Білімін және түсіну қабілетін тәжірибеде пайдалану; С. Тұжырым жасау, ойды бағалау және қорытынды шығару қабілеті; Д. Қарым-қатынас саласындағы қабілеттер; Е. Оқу саласындағы қабілеттер.</p>	Жалпы білім			<p>экономиканың жұмыс жасау заңдылықтары және теориялық негіздері; - экономикалық және басқарушылық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру принциптері; - нақты жағдайды талдауда экономикалық мәселелерді анықтау, оларды шешу әдістерін ұсыну және күтілетін нәтижелерді бағалау; - ақпараттарды жүйелендіру және жалпыландыру, кәсіби қызмет сұрақтары бойынша анықтамалар және шолулар дайындау, тексттерді өзгерту, теру және сын-пікірден өткізу; - кәсіби қызмет саласында ақпараттың экономикалық талдауында арнайы және негізгі әдістерді пайдалану; - тиімді шаруашылық шешімдердің нұсқаларын жасау және негіздеу; - әр-түрлі жақтардан (өндірістік, уәждемелік, институттық және т.т.б.) экономикалық агенттердің, кәсіби қызмет саласындағы объектілердің даму тенденцияларының әрекеттерін критикалық бағалау; - экономикалық есептерді шешу үшін пайдаланушы режимінде компьютерлік техниканы пайдалана білу. Осы пәнді оқу нәтижесінде студентте түсінігі болу керек: - ҚР мемлекетінің және құқықтардың даму тенденциясы және құрылымы туралы жүйелік түсінігі болу; - қазіргі замандағы үрдістерді сан алуандығын, олардың қоғамда болып жатқан өзге үрдістермен байланысын түсіну; - ҚР мемлекетінің құрылуы сатыларын ескере отырып мемлекеттің жұмыс жасау заңдылықтарын және теориялық негіздерін; - мемлекеттік басқарудың принциптері; - нақты жағдайды талдау кезінде құқықтық</p>

Дублиндік дескрипторлар	Модульдің атауы	Құзыреттіліктер	Пәннің атауы	Оқу нәтижелері
<p>А. Білу және түсіну;</p> <p>В. Білімін және түсіну қабілетін тәжірибеде пайдалану;</p> <p>С. Тұжырым жасау, ойды бағалау және қорытынды шығару қабілеті;</p> <p>Д. Қарым-қатынас саласындағы қабілеттер;</p> <p>Е. Оқу саласындағы қабілеттер.</p>	Тілдік	<p>А. Тілдік коммуникация теориясын, қазақ және шет тілдерінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормаларын, мамандық бейіміне сәйкес терминдерді білу және түсіну.</p> <p>В. Мамандық бейіміне сай, аргументация амалдарына сай қазақ және шет тілдерінің әртүрлі функционалдық стильдерінің тексттерінің мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін түсіну қабілеттерін және білімді тәжірибеде пайдалану.</p> <p>С. Мамандық бейіні бойынша қазақ және шет тілінде тұжырым жасау, идеяларды бағалау, қорытынды шығару, өзінің аргументациясын жасау, өзінің позициясын білдіру және негіздеу қабілеті.</p> <p>Д. Қарым-қатынас саласында – мамандық бейіні бойынша қазақ және шет тілдерін терең меңгеру және сөйлесу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Е. Оқу саласында – студенттерде тексттерді оқу кезінде, мамандық бейіні бойынша монологтық</p>	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	<p>Курсты аяқтағанда студенттер міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мамандық бейіні бойынша қазақ (орыс) тілінің барлық нормаларын сақтай отырып жалпы және кәсіби мазмұндағы тексттердің мазмұнын түсіну қабілеті; - мамандық бойынша ғылыми-техникалық аудармадағы және ауызша әңгімедегі монологтық және диалогтық формадағы тексттердің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері туралы білу; - мамандық бойынша тексттерді оқудағы, ауызша мазмұндаудағы, жазбаша мазмұндау-конспекттегі тілдік қабілеттер және жоспарлар құрудағы коммуникативтік дағдыларға ие болу; - мамандық бейіні бойынша зерттелген тақырып аясында тақырыптық әңгіме жүргізуге мүмкіндік беретін монологтық және диалогтық дағдыға ие болу; - кәсіби тілдің нормалар жүйесінің және тілдің дұрыстығының толыққанды сипаттамасын құра білу қабілеті; - өзінің тілдік қателерін талдай білу қабілеті

Дублиндік дескрипторлар	Модульдің атауы	Құзыреттіліктер	Пәннің атауы	Оқу нәтижелері
			Кәсіби бағдарланған шет тілі	Осы пәнді оқу нәтижесінде студенттер міндетті: - кәсіби бағдарланған шет тілінің теориялық тілдік коммуникациясын, фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормаларын білуге; - танысу, іздену, зерттеу және қарап оқу дағдыларын меңгеру; - мамандық бейіні бойынша зерттелген тақырып аясында тақырыптық әңгіме жүргізуге мүмкіндік беретін монологтық және диалогтық дағдыға ие болу; - мамандық бойынша ойын тізбектей жеткізу, мәтіндерді аудару дағдыларын меңгеру; - ақпараттық және кәсіби сипаттағы мәліметтерді тыңдау арқылы қабылдай білу.
